

Еліміз индустриялық өзгерістер кезеңіне қадам басқан кезде заман талабына сай жұмысшы мамандығына деген сұраныс арта түскені байқалады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік” Жолдауының аясында жалпы еңбек қоғамын құру және жұмысшы мәртебесін арттыру, кәсіптік-техникалық білім беру саласына ерекше көңіл бөліп, жастарды оған тарту, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті техника саласындағы мамандарды даярлау бағыттарындағы нақты жұмыстар іске асырылуда. [generic cialis bogus private prescription cialis](#)
[cialis discount coupons](#)
[buy cialis soft online](#)
[cialis 20mg lilly](#)
[online cialis dreampharmaceuticalscom](#)
argaiv1934

Жуырда жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға бағытталған осындай шаралардың бірі – “WorldSkills Kazakhstan – 2017” ұлттық біріншілігі Астана қаласында өз мәресіне жетті. Бұл сайысқа облысымыздан барған солтүстікқазақстандық студенттер 400-ден астам жас маманның арасында өздерінің жақсы қырынан көрсете білді.

Елімізде осымен үшінші рет ұйымдастырылып отырған байқаудың танымалдылығы артып келеді. Мысалы, өткен жылы жеті кәсіби әлеует болса, биыл оның саны отызға жеткен. Сайысқа қатысушылардың жұмыс нәтижесін жоғары білікті мамандар, сарапшылар бағалады.

“Құрғақ құрылыс пен сылақ жұмыстары” кезеңінде облыс намысын қорғаған Евгений Смирнов ұлттық біріншіліктің жеңімпазы атанды. “CIS” бағалау жүйесіндегі сайыс қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан кәсіптік-педагогикалық колледжінің жас маманы 100 ұпайдың 71-ін еншіледі. Осымен біріншілікте үшінші мәрте жеңіске жеткен Евгений жеңімпаздың алтын медалі мен 100 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Тағы бір жеңімпаз – Петропавл құрылыс-экономикалық колледжінің студенті Роман Шишкин. Ол “Кірпіш қалау” аталымында үздік атанды. Студент сайыс барысында өзінің тәжірибелік білімінің жоғары деңгейін, кәсіби машығы мен икемін таныта отырып, қарсыластарының арасында топ жарды.

Қазіргі уақытта Евгений Смирнов Ресейдің Краснодар қаласында өткізілетін “Жас мамандар” (“WorldSkills Russia”) ұлттық біріншілігіне аттанды. Сонымен қатар жерлесіміз қазан айында “WorldSkills Kazakhstan” ұлттық құрама командасының сапында Абу-Даби қаласында (БАӘ) өтетін “WorldSkills Competition” әлемдік біріншілігінде ел намысын қорғамақ.

Қанат АТАМАНОВ,

“Солтүстік Қазақстан”.